

Музыка жетекшісінің 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйімі : **ЖШС "Iskakov Trade" мини-центр "Ақбота"**

Топ: **«Сұңқар»** ересек топ

Балалардың жасы: **4-5 жастаң**

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка	<p>- қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;</p> <p>- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.</p> <p>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыгадан алған әсерлері туралы әнгімелдеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (акырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуендей таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).</p>

Музыкалық-ырғақты қымылдар.

Би қымылдарын, ойындағы музыкалық қымылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қымылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғақын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қымылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші белігінде қымылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналалауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.

Сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау.

Балалар музыкалық аспаптарын тану және атаяу.

Билер.

Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қымылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қымылдарды ауыстыру, би қымылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қымылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қымылдарды қолдану.

Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шенбер бойымен ән айтып жүру, қымылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажыратса білу, атрибуттармен би қымылдарын орындау.

Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» бйін үйрету.